

«№3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

№2 Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы

Өткізілу күні: 6.09.2022 жыл

Өткізілу орны: №3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі

Өткізілу уақыты: 16:00

Қамқоршылық кеңес төрайымы: М.А.Турлыгулова

Қатысушылар: Қамқоршылық кеңес мүшелері 7 адам.

Мектеп директоры: М.Ш.Жамаладинов

Оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Г.К.Есентаева

Хатшы: К.Ы.Зайнуллова

Күн тәртібі:

- 1.2022-2023 оқу жылының ұйымдастырылу ерекшеліктері. (Г.К.Есентаева)
- 2.Республикалық «Мектепке жол» акциясы туралы (К.Ы.Зайнуллова)
3. Қаржылай ақшалай көмек алған отбасылар туралы (К.Ы.Зайнуллова)
4. «Жекелеген санаттағы мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету» мемлекеттік қызмет көрсету. (К.Ы.Зайнуллова)
5. Қаржылық және материалдық көмек алуға өтініш берушілердің материалдық жағдайын тексеру қорытындысы негізінде өзге санаттағы 6 оқушыны ыстық тамақпен қамтамасыз ету мәселесін талқылау және шешім қабылдау.(Қамқоршылық кеңес мүшелері)

Отырыс барысы:

1. Бірінші сұрақ бойынша мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.К.Есентаева 2022-2023 оқу жылының ұйымдастырылуы және осы жылғы оқу жылындағы ерекшеліктерді атап өтті.
2. Екінші сұрақ бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Ы.Зайнуллова №3 Мәртөк ЖОББ мектебі бойынша Республикалық «Мектепке жол» акциясы жүргізілуі туралы айтып өтті. Мәртөк аудандық білім бөлімінің 2022 жылының 25 шілдесінің №493 бұйрығы негізінде «Мектепке жол» акциясы аясында 2022 жылдың 1 тамызынан бастап 16 мектеп оқушысына оқу-құралдары және мектеп киімдері ретінде көмек көрсетілгендігін атап өтті. «Мектепке жол» акциясына мектеп ұжымы және ата-аналар белсенді қатысып, жалпы көмек соммасы 199800 теңгені құрады. Сонымен қатар «Самұрық Қазына» қорынан 3 оқушыға мектеп сөмкесі және оқу құралдар табысталды. Акция туралы есеп Аудандық білім бөліміне жіберіліп отырғандығы және акция туралы мәлімет мектеп инстаграмм парақшасына жарияланып отырғандығын атап өтті.
3. Үшінші сұрақ бойынша К.Ы.Зайнуллова Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысы негізінде №3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебінің жекелеген санаттағы 27 оқушысы ақшалай 37389 теңге көлемінде қаржылық көмек алғандығы туралы айтты. Қаржылық көмек алушы ата-ана 15 күн ішінде берілген соммаға сәйкес мектеп формасы және оқу-құралдарын алғандығы туралы дәлелдеме ретінде түбіртектер тапсырғандығын атап өтті.

4. К.Ы. Зайнуллова 2022 жылдың 2 қыркүйегінен бастап мектеп асханасында жекелеген санаттағы 27 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілгендігі туралы айтып кетті. Оқушылардың уақытылы тамақтануын қадағалау мақсатында мектеп асханасында мұғалімдердің кезекшілік кестесі құралғандығын атап өтті. Сонымен қатар мектеп асханасының тазалығын, тамақ дайындау сапасын тексеру мақсатында комиссия құрылғандығын айтып кетті.
5. Қаржылық және материалдық көмек алуға өтініш берушілердің материалдық жағдайын тексеру қорытындысы негізінде өзге санаттағы 6 оқушыны ыстық тамақпен қамтамасыз ету мәселесін қамқоршылық кеңесі мүшелері талқылады. Өтініш беруші отбасыларының тұрмыстық жағдайын ескере отырып өзге санаттағы 6 оқушы ыстық тамақпен қамтылсын деген шешім қабылдады.

Шешім:

1. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша анықтамалар қабылданын.
2. Қаржылық және материалдық көмек алуға өтініш берушілердің материалдық жағдайын тексеру қорытындысы негізінде өзге санаттағы 6 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

М.А.Турлыгулова

Хатшы:

К.Ы.Зайнуллова